

Ә.Х.Марғұлан « Халықтың сүйген ұлы. Қаныш — аяулы ғалымдығымен бірге ол халықтың сүйген ұлы, бар өмірін, білімін ел игілігі үшін сарп еткен кісі. Сондықтан оның әдемі жарқын бейнесі біздің жас ұрпақтар үшін аса қадірлі, аса қымбат. » - деп Қаныш Сәтбаевты өте жақсы бағалап, қазақ халқы үшін жасаған еңбегінің молдығына тағы да бір көз жеткіздіргендей.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сәтбаев К. И. Қазақстан менін Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999.
2. Қазақстан: ұлттық энциклопедия. Т.7: Н-С / бас. Ред. Б.Аяған.-Алматы
3. СәтбаеваШ. Сәулелі әулет: ғылыми – көпшілік басылым/ Ш.Қ. Сәтбаева.- Алматы: Қазақстан,1996.
4. Сәрсекеев М. Құғындалған “Сәтбаев” : естелік –эссе / М.Сәрсекеев. –Алматы: Шабьт,1994.- 244 б.
5. Айтмағамбетов Е: Тектіліктің бір сыры/ Е.Аймағамбетов // Ақиқат.-2007.-№11. – Б.64-70

ЖОҒАРЫ БІЛІМ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тасбулатова Г.С.

*Ы.Алтынсарин ат. Арқалық
мемлекеттік педагогикалық институты*

17 қаңтарда болған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының басты мақсаты – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Қазақ елі өткен 22 жылда қыруар іс тындырды. Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық. Күшті, қуатты мемлекеттер ғана ұзақмерзімдік жоспарлаумен, тұрақты экономикалық өсумен айналысады. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы.

Білім беру жүйесін жетілдіруде ең басты қадам мемлекет бойынша ұлттық бірыңғай тест /ҰБТ/ және оқытушылардың аралық аттестациясы енгізілген.

Әлемдік ЖОО-ның жетекші жүйесінің үлгісіне жақындастыру мақсатында Қазақстанда 3 сатылы мамандарды даярлау жүйесі енгізілуде: бакалавриат-магистратура-доктарантура /PhD/.

Білім беру жүйесіндегі реформаны қалыпты шешу және перспективті дамыту мақсатында Қазақстанның білім беру жүйелерінде Республика бойынша оқу-әдістемелік кеңестері құрылуда, ал ЖОО-дар ішіндегі жетекшілері бойынша 30 астамы оқу-әдістемелік орталықтары қалған барлық негізгі мамандық бойынша жұмыс істейді.

Ғылым және білімді дамытуға жағдай жасау мақсатында атаулы сыйлықтар және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары беріледі, соның ішінде педагогика саласында ең үздік саналатын ғылыми зерттеу жұмысына берілетін Ы.Алтынсарин атындағы сыйлық және мемлекеттік стипендиялар бар.

Білім беру саласында Қазақстанда Халықаралық байланыстар кеңейтілуде. Жыл сайын мыңнан астам қазақстандықтар шетелдің ЖОО-рында оқуда және ғылыми кәсіпорындарынан тәжірибе алмасуда, соның ішінде Президенттік халықаралық «Болашақ» стипендиясы бойынша.

Білім беру саласында қайта құрудың ең басты кезеңі жалпы орта білім жүйесін ақпараттандыру. «Мектепке-интернет» ведомость аралық бағдарламасы бойынша 1,5 мың мектеп пен 70 колледжі Интернет жүйесіне қосылған және бұл жұмыс әлі белсенді түрде жүргізілуде. «Қазақстанның ауылдық мектептеріне арналған қашықтық оқыту» және

«Қашықтан оқытудың спутниктік каналы» атты ұшақтық жобалар жұмыс істеуде, ол әртүрлі аймақтағы мұғалімдер мен оқушыларды өзара жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған.

Бүгінде оқыту жұмысын осылай ұйымдастыру мен әдісінің жаңалығы басқа да мұғалімдердің жаңа жағдайға байланысты оқу-тәрбие процесін шығармашылықпен пайымдалудың негізгі өлшеміне айналуға. Оқытудың жаңа инновациялық әдістері жалпы мұғалім қауымын оның жаңа технологиясын өздігінен іздеуге итермелейді. **Инновация** деген ұғым латын тілінде-жаңарту, жаңалық өзгеріс деген түсінікті білдіреді.

Инновация деп көбінесе жаңа технологияларды, әдістер мен құралдарды жасау және қолдануды айтса, сонымен бірге ондағы идеяларды, процестерді бірлікте жетілдірудің де жүйесі.

«Технология» деген сөз-грек тілінен алғанда «техне»-өнер, кәсіп, ғылым, + «логос» ұғым, оқу деген түсінікті білдіреді. Яғни, өндірістік процестерді жүргізудің тәсілдер мен құралдары жайындағы білімдердің жиынтығы. Олай болса, оқу-тәрбие процесін жүргізудің тәсілдері мен құралдары жайындағы білімдердің жиынтығын оқыту процесінің технологиясы деп атауға болады.

Оқыту технологиясы-жүйелі категория. Оның құрлымы төмендегідей болып келеді:

- оқытудың мақсаты,
- білім беруің мазмұны,
- оқушы, оқытушы,
- әрекетің нәтижесі /сонымен бірге кәсіптік дайындықтың деңгейі/

Бүгінде білім беруде нәтижелі жетілдірудің құралы ретінде практикада жаңа оқыту технологиясын кіргізуге батыл шаралар қолдану. Сондықтан Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы ойлай білетін және шығармашылықпен жұмыс істейтін қабілеті бар тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Сол себептен де бүгінгі еліміздегі білім беру жүйесі оқушылардың таным белсенділігін дамытатын оқытудың дәстүрлі емес белсенді формалары мен әдістерін көптен енгізуді қажет етуде.

Осындай инновациялық технологиялардың кейбіреулеріне қысқаша сипаттама жасайық:

Модулдік оқытудың басты мақсаты-оқытудың ұйымдастырылуы бойынша және мазмұны бойынша адам бойындағы осы сәттегі қажеттілікті қанағаттандыруда кепілдік беретін әрі жаңа қажеттілікті анықтайтын икемді білім беретін құрлым құру.

Модулдің көптеген анықтамаларына қарамастан, олардың барлығын үш түрлі бағытта топтастырып, жүйелеуге болады:

- модул-біліктілік мінездемесінің талаптарына жауап беріп, мамандық бойынша оқу пәндерінің жиынтығын ұсынатын мемлекеттік білім беру стандарт бірлігінің үлгісі,
- модул-пәнаралық әдістемелік-ұйымдастыру құрлымы болып, әр түрлі оқу пәндерінің тақырыптық жиынтығы ретінде бір мамандықты меңгеруді және оқу үрдісінде пәнаралық қатынасты қамтамасыз етеді,
- модул-бір ғана оқу пәнінің шеңберіндегі ұйымдастыру әдістемелік құрлымының бірлігі.

Оқыту мазмұнын таңдап алғаннан кейін сол мазмұнды жүйелеу мәселесі туындайды. Әсіресе, бұл оқу мазмұнын дербес модулдерге жіктеудегі модулдік оқытуға байланысты.

Сонымен, модулдік оқытуды кибернетикалық басқару тұрғысынан талдасақ, модулдік оқыту педагогикалық басқарудың қалыптасқан жүйесін сапалық жағынан өзгертеді. Ендеше модулдік оқыту жағдайында оқу үрдісін басқару мәлімет беру үрдісіне бағытталған циклділігімен, білім алушының өздігімен жұмыс істеуі және белсенділігін арттыратын өзін-өзі басқару мен басқарудың тиімді арақатынасын орнатумен ерекшеленеді /2/.

Қашықтан оқыту - қоғамды ақпараттандырудың маңызды бағыттарының бірі - білім беру ісін ақпараттандыру. Бұл жаңа ақпараттық құралдар мен әдістерін дамыта оқытудың идеяларын жүзеге асыруға, оқу –тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін бір-бірімен тағыз байланысты өрістетуге және олардың тиімділігі мен сапасын көтеруге, жас ұрпақты жаңа қоғам жағдайында өмір сүруге дайындауға пайдалану деген ұғымды білідіреді.

Бұл күнде қашықтан оқыту білім берудің дамытудың нақты элементті болып табылады. Өйткені қашықтан оқыту жүйесінің икемділігі сол, оқушылар, студенттер негізінен дәріс, семинар түріндегі сабақтарға бармай, өздеріне ыңғайлы мезгілде, қолайлы жерде, қолайлы жылдамдықта жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады.

Интерактивті оқыту–қазіргі кезде қарым-қатынас үрдісіне негізделген оқыту-интерактивті оқытуға үлкен көңіл бөлуде. Оқыту үрдісі тиімді болу үшін қарым-қатынастың үш жағы қатысуы қажет: 1/ақпараттық /ақпараттық берілуі және сақталуы/; 2/интерактивті /біріккен іс-әректте өзара әсердің ұйымдастырылуы/;

Қазіргі кезде интерактивті оқыту 2 бағытта жүзеге асырылып жүр.

1. «Қарым-қатынас мәдениеті», «Риторика», «Біз адамдар арасында өмір сүреміз», т.б. арнайы оқу курстарын ендіру.

2. Оқу жағдайларын барынша пайдалану, студенттер үшін «қарым-қатынас алаңын» құру.

Интерактивті оқыту кезінде студенттер тек қана бақылаушы болып қатыспай, қиын мәселелерді де өз бетінше шеше алатын болады.

Сонымен, **Білім беру жүйесі дегеніміз** қазіргі тарихи кезеңде әлеуметтік-экономикалық, ұлттық ерекшеліктеріне және еліміздің негізгі саяси–экономикалық міндеттеріне жауап беретін принциптер негізінде құрылған оқу-тәрбие мекемелері мен оны басқару органдарының жүйесін айтады.

Қазіргі таңдағы адамзаттың тіршілігінің негізгі тұғырнамасы – білім болып табылады. Тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар мемлекетіміздің болашағына салынып жатқан даңғыл жол деп айтуымызға болады. Себебі, қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің дамуы болып табылады. Олай болса еліміздің болашағы үшін ұлттық білім жүйемізді дамыту заман талабы, — деп айтуымызға болады.

Тәуелсіз жиырма жыл ішінде Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің мазмұны да, бағыты да, маңызы да өзгеріп, жаңа сипатқа ие болды. Егемен ел атанған Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі осы жиырма жыл ішінде реформалаудың бірнеше кезеңдерінен өтті

Бүгінгі күні мемлекетімізде білім беру мен білім сапасын көтеру жұмыстарын жақсартуға ерекше мән берілуде. Білім берудің жаңа моделі жасалынып, білім жүйесінде жаңа бағыттар қалыптаса бастады. Сонымен қатар, білім сапасына қатаң талаптар қойылып, оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістері, оқытудың жаңа технологиялары кең көлемде қолданысқа ие болуда.

Қазақстан жоғары білімнің стратегиялық міндеттері ұлттық білім беру жүйесіндегі жетістіктерді сақтай отырып, оны әлемдік білім беру үрдісінің ең озық үлгілеріне сәйкестендіруге негізделеді.

Қазіргі таңда тәуелсіз мемлекетіміздің білім беру жүйесі мынадай екі түрлі маңызды процесті жүзеге асыруға бағытталған:

- ✓ ұлттық білім беруді жаңа арнаға салу;
- ✓ әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасу.

Қазір білім берудің жаңа моделін құрудың, сынақтан өткізу мен енгізудің ауқымды міндеттері тұр, оның жүйесінің негізгі принциптері «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында көрсетілген.

Қазақстан 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы білім беру жүйесінің алдына білім беру кеңістігіне интеграциялау мақсатын қойған болатын. Бұл мақсатқа қол жеткізу Қазақстан Республикасының мемлекет басшысы мен үкіметі бекіткен жоғары және орта білім беру жүйесін ақпараттандыру, жаңа буындағы оқулықтарды әзірлеу мен енгізу және басқа да бірқатар бағдарламаларды іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі. Білім беру сапасы бұл ретте әлемнің дамыған елдеріндегі біліммен салыстырарлық болуға тиіс. Білім берудің сапасын қамтамасыз етуде білім беру саласын оқу әдістемелік және материалдық-

техникалық жағынан қамтамасыз ету. Сонымен қатар, білім беруді дамытудың сапасын арттыруды жүзеге асыру мемлекеттік білім берудің негізгі мәселесі болып табылады.

Бүгінгі таңда білім беру жағдайы жаңа кезеңге жол ашпақ. Білімділік деңгейін көтеру халық өмірінің сапасын арттырудың неғұрлым маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Осы орайда, қоғамдық даму деңгейінің, елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің өлшемдері ретінде білім беру жүйесінің, адам ресурстарының рөлі мен маңызы арта түседі.

Кредиттік технологияға негізделген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үш деңгейлі моделі (бакалавриат-магистратура-докторантура Ph.D) заңнамамен бекітіліп отыр. Бұл Болон декларациясының ережелері мен халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Халықаралық білім беру стандарттары туралы сөз еткенде, олардың біріздендірілгендігін емес, үлгісінің жақсылығын, мамандар даярлаудың жоғары сапасы мен кәсібилігін айтады. Өйткені «білім беру стандарты» ұғымы шетелдерге біздегіден өзгеше түсіндіріледі. Білім беру стандарттары бар елдерде оқу процесіне қандай да бір регламент қойылмайды. Онда оқу орындары үлкен академиялық құқықтар мен дербестікке ие.

Білім берудің әр түрлі деңгейлері үшін бағдарламаның үйлесімділігін қамтамасыз ету арқылы білім берудің мазмұнын жаңарту маңызды болып табылады. Оның үстіне он жыл ішінде оқу процесін ұйымдастыруды қатаң стандарттаудан ұдайы жетілдіруге бағдарланған, ақылға қонымды шекте реттеліп отырған нысанға көшіруді жүзеге асыру күтіп тұр. Осы орайда жаңарудың әрбір кезеңіне жеткілікті ресурстық қамтамасыз етумен қолдау көрсетілуге тиіс.

Білім беру ұзақ мерзімді «Қазақстан — 2030» стратегиясының негізгі приоритеттерінің бірі болып отыр. Қазақстандағы білім беру реформаларының ортақ мақсаты білім беру жүйесінің жаңа әлеуметтік – экономикалық ортаға бейімделуі болып табылады. Қазақстан Президенті әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына республиканы кіргізу туралы мақсат қойған болатын. Осы мақсатта жүзеге асыруда білім беру жүйесін дамыту маңызды роль атқарады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жас дарынды қазақстандықтарға әлемдегі үздік университеттерде білім алуға мүмкіндік беретін «Болашақ» бағдарламасы еліміздегі адам капиталының дамуына қосылған елеулі үлес болды.

Қазақстан қазіргі уақытта білім беру, адам мен бала құқығын қорғау саласындағы барлық негізгі халықаралық құжаттарға қатысушы болып табылады. Бұл жоғары білім саласындағы жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясы, балалар құқығы туралы конвенция, халықаралық адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары декларациясы, Болон және Лиссабон конвенциялары және басқалар.

Білім беру саласын бағалаудың ұлттық жүйесі құрылды. Ол тәуелсіз сыртқы бағалауды барлық элементтерін (Лицензиялау, аттестаттау, аккредиттеу, рейтинг, ұлттық бірыңғай тестілеу), (ҰБТ), түлектерді кешенді тестілеу, (МАН). Білім беру сапасы арттырылуда. ҰБТ-ның нәтижелері жақсаруда, халықаралық олимпиада жеңімпаздарының саны артуда. Жаратылыстану және математикалық білім сапасын арттыру бойынша өнімді жұмыс атқарылуда. Математика пәні бойынша 51 халықаралық олимпиадада Қазақстан — әлемнің 98 елі ішінен 5 –орынды иеленсе, жаратылыстану пәні бойынша 11-ші позицияда.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру.

«Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» — деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінді оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру мен ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану оқушының өз мамандығына қызығушылығы мен мамандық сапасын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып,

еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда қоғамның даму жолдарын анықтайтыны сөзсіз.

РОЛЬ ПРОЕКТНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ФОРМИРОВАНИИ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КУЛЬТУРЫ

*Те Ирина, Тищенко Оксана, ОПЭ 3 курс,
Факультет истории искусств
Научный руководитель: Дайкер А.Ф
кандидат педагогических наук,
профессор кафедры педагогики*

Развитие современного общества диктует необходимость возникновения качественно новых видов деятельности в ранее неизвестных областях. В этих условиях для современного специалиста особенно важным становится стремление и способность к самостоятельному поиску и переработке информации, овладение фундаментальными знаниями, которые составляют теоретические основы профессиональной и социальной деятельности. Поэтому вопрос о развитии и формировании исследовательской культуры выдвигается к числу актуальных в образовательном процессе.

Высшее профессиональное образование в этих условиях стоит перед необходимостью перехода от жесткой системы подготовки специалистов к более гибкой, позволяющей формировать специалиста, восприимчивого к изменениям в сфере труда, способного определяться и действовать в ситуациях неопределенности и противоречивости, ориентированного на творческий подход к делу, обладающего высокой культурой мышления.

Учебно-исследовательская деятельность понимается как форма организации образовательного процесса ориентированного на решение учащимися учебных проблем, в которых они сами овладевают способами решения проблем в процессе самостоятельного познания, организованного и направляемого педагогом, решают творческие и исследовательские задачи.

Результатом учебно-исследовательской деятельности является получение субъективно нового для учащегося знания. В котором закладываются основы научно-исследовательских умений. Научное исследование – это процесс выработки новых знаний, один из видов познавательной деятельности, который характеризуется объективностью, воспроизводимостью, точностью, новизной, теоретической значимостью и обоснованностью. Специфика исследовательской деятельности заключается в том, что она направлена на приобретение нового для науки результата.

Исследовательская работа учащихся может быть представлена как самостоятельная исследовательская, творческая работа, содержание и объем которой превышают рамки учебной программы.

Но формирование исследовательской культуры учащихся зависит от уровня сформированности исследовательской культуры учителя, поэтому важно использовать различные технологии в условиях профессиональной подготовки.

Инновационные поиски педагогики высшей школы в свете реализации парадигмы компетентностного подхода к образованию направлены на такое проектирование и организацию учебного процесса, которое учитывало бы потребности личности будущего специалиста в развитии своего творческого потенциала, готовности и способности действовать успешно в нестандартных ситуациях.

В настоящее время в науке уделяется большое внимание проблемам развития творческой личности. С каждым годом возрастает число учебных программ и концепций основными целями которых является развитие исследовательской компетенции, которые